

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесін қоғам сұраныстарына сәйкес жаңарту мен дамыту мәселелері өзекті болып отыр. Осы орайда, елімізде білім жүйесін ізгілендіру, білім берудің үздіксіздігі, білім жүйесін ақпараттандыру, білім беру жүйелерінде пәнаралық ықпалдастыруды жүзеге асыру істері негізгі бағыттар болып, жалғасын табуда. Жас ұрпақты оқытып қана қою аз, оларды жаңаша дағдыларға тәрбиелеу қажет. Ғылыми технология адамның ұшқыр ойлы, терең білімді, озық тәрбиелі болуын талап етеді. Сондықтан рухани – адамгершілік тұрғысынан білім беру әр тұлғаның азаматтық қабілетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін жетілдіру болып табылады.

Білім берудің ұлттық жүйесінің еліміздің адам ресурстарын дамыту тиімділігін арттыру үшін, жоғары білім беру бағдарламасына «Өзін-өзі тану» пәні енгізіліп отыр. Бұл пән болашақ педагогтың рухани мүмкіншіліктерін, оның тұлға ретіндегі, мәдениет, әлеуметтік және кәсіби шығармашылық субъектісі ретіндегі мәнін дамытуды және байытуды көздейді.

Бұл пән әрбір адамның өзінің сәйкестілігін және өзінің бағыттылығын сезініп, түсінуіне, жалпы адамзаттық идеалдармен, жалпыұлттық қазақстандық идеямен және өзінің қайталанбас даралығымен сәйкес келетін құндылықтардың өзіндік жүйесін қалыптастыруға жағдай жасап, мүмкіндіктер тудырады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің басты ерекшелігі өскелең ұрпақтың тұлғалық әлеуетінің дамуына, өзіндік қасиетінің ашылуына, шығармашылық және танымдық белсенділігін ынталандыруға, балаларға сүйіспеншілік, мейірімділік, ақиқат, адалдық, шыншылдық, сұлулық, рақымдылық, мінез-құлық дұрыстығы арқылы үйлесімді жан-жақты дамыған адам қалыптастыруға бағдарланған.

Әрбір педагогтің қазіргі заманғы әлемдегі басты қызметі, міндеті – оқушының қоғамға қызмет ету мақсатында өзінің өлшенбес әлеуетінің көзін ашып, жүзеге асыруына мүмкіндік алуы үшін өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуының ұйтқысы болу.

Білім берудің жаңа моделіне көшу мектептің тұтқасын ұстайтын әрбір педагогтан жаңа ғылыми идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқытудың жаңа

технологияларын игерген, өзінің мүмкіншіліктерін түсінуге, әлем мен адамдарға қатысты адамгершілік, ізгілік ұстанымдарын айқындауға септігін тигізетін қазіргі заманғы инновациялық процесті басқара алатын ұтқыр маман болуын талап етеді. Пәнді оқыту міндеттеріне тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру үдерістері туралы біртұтас ұғым беру, қазіргі заманғы әлемдегі адамның құндылықтары туралы түсінік қалыптастыру, аталмыш жас ерекшелігіндегі тұлғалық және даралық маңыздылықты жетілдіру, студент тұлғасының жағымды және шығармашылық ойлауын жүзеге асыру дағдыларын белсендіру, студенттердің рухани ақиқаттың «мәңгілігі» және олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту болып табылады.

«Өзін-өзі тану» оқу құралында пәннің оқу-әдістемелік кешеніне сәйкес дәрістердің мазмұны, семинар сабақтарына дайындалуға қажетті материалдар, студенттердің білімдерін өз бетімен тексеруге арналған бақылау сұрақтары мен тест тапсырмалары беріледі.

Оқу құралы педагогикалық бағытындағы білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттерге, магистранттарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына және білім беру саласының мамандарына арналған.